ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ
30 мамыр 2016 жылы

Қарағанды қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 37/08

город Караганда

2016-2019 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңына сәйкес, «2016-2019 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 36-ө өкімін орындау мақсатында балалардың тұлғалық, әлеуметтік, дене бітімі жағынан, шығармашылық дамуы және жазғы каникул кезеңінде құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалалар мен аудандардың әкімдері заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға көзделген жергілікті бюджет қаражаты, демеушілік қаражат есебінен қамтамасыз етсін;

2) балаларды сауықтыру ұйымдарын пайдалануға дайындау және қабылдау жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл комиссиясының жұмысын жалғастырсын;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қала сыртындағы балаларды сауықтыру ұйымдарының, жыл бойы жұмыс істейтін балаларды сауықтыру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, білікті кадрлармен қамтамасыз ету, қала сыртындағы лагерьлердің желісін кеңейту және аз шығынды демалыс ұйымдары нысандарының (шатырлы, киіз үйлі,

0000857